ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 03 қыркүйек №5165-24-00-2/2306 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Түркістан облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Зухра» Кузимбетова Зухра Джалаладдиновна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Түркістан облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Зухра» басшысы Кузимбетова Зухра Джалаладдиновна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Зухра» басшысы Кузимбетова Зухра Джалаладдиновнадан мемлекет пайдасына 1 750 (бір мың жеті жүз елу) теңге тұрақсыздық айыппұл, 1 898 (бір мың сегіз жүз тоқсан сегіз) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 03.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.10.2024, судья Байтенов С. К., 15.10.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство